



1 шілде, бейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

3 Нұр-Сұлтан – жасампаздық пен жаңашылдық қаласы



4 Тарихи мұраны ұлықтаған жоба




6 Бас жүлде кімге бұйырады?



ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ



1 ШІЛДЕ

- 1994 жылы қазақ ғарышкері Талғат Мұсабаев бортинжер ретінде «Мир» ғарыш стансасына сапар шекті. Сапар 176 тәулікке созылды.
- 1994 жылы Алматы қаласында Райымбек батыр кесенесінің ашылу салтанаты өтті.
- 1996 жылы ҚР Қарулы Күштері құрамына кіші командирлер кадрын дайындау мақсатында қалғат корпусы ашылды.
- 2013 жылы Қазмедиа фирмасында жаңа Қазспорт телеарнасының ашылуы өтті. Телеарнаны құру барысында Европорт, Sky sport, ESPN, НТВ Плюс спорт сынды шетелдік арналардың тәжірибесі ескерілді.
- 2017 жылы ҚР Ұлттық музейінде «Скифтер алтыны» халықаралық көрмесі ашылды. Онда біздің заманымызға дейінгі VII-II ғасырлардан қалған скиф мәдениеті ескерткіштері көрсетілді.
- 2018 жылы Қазақстанда алғаш рет Ұлттық домбыра күні тойланды.

2 ШІЛДЕ

- 1996 жылы Қазақстан Республикасының «Саяси партиялар» туралы Заңы қабылданды.
- 1999 жылы Астрахань қаласынан бұрғылау баржасы суға түсірілді. Бұл шараға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, ақын Фариза Оңғарсынова қатысып, бұрғылау баржасына «Сұңқар» есімін берді. Баржаның ұзындығы – 85, ені 53 метр, бұрғылау мұнарасын қоса есептегендегі биіктігі – 50 метр, салмағы 10000 тонна. «Сұңқардың» бірінші бұрғылау жұмыстары Шығыс Қазақстанда бастау алды.
- 2010 жылы «Арселор-Миттал Теміртау» АҚ металлургиялық комбинатының №4 домна пешінде Қазақстан Магнитінің 50 жылдығына орай, мерейтойлық шойын шығару салтанаты өтті.
- 2014 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі ашылды. Бұл – Орталық Азиядағы бірегей жоба. 74 мың шаршы метрден астам аумақта Қазақстанның археологиялық, этнографиялық, тарихи-мәдени ескерткіштері жиналған.

● ПРЕЗИДЕНТ

Байланысты арттыруға әлеует жеткілікті

Кеше Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Швейцарияның іскерлік топтар өкілдерімен кездесу өткізді.

Жиынды ашқан Мемлекет басшысы Швейцария құрама командасының футболдан өтіп жатқан Еуропа чемпионатында жақсы ойын өрнегін көрсеткенін атап өтті.

Президент Швейцария Конфедерациясы Қазақстанның Еуропадағы маңызды сауда-экономикалық серіктестерінің бірі екенін айтты.

– Елдеріміз арасындағы қарым-қатынастар достық пен өзара сенімге негізделген. Бүгінгі кездесуді Швейцария Президенті Ги Пармеланмен бейнебайланыс арқылы өткен жуырдағы келіссөздің конструктивті жалғасы ретінде қарастырамын. Біз сауда байланыстарымызды, инвестициялық ынтымақтастығымызды нығайту үшін жұмыс істеуге, аталған салалар бойынша жетістікке қол жеткізуге уағдаластық. Қазақстан Тәуелсіздігін алған уақыттан бері Швейцария экономикамызға 30 миллиард долларға жуық инвестиция салды. Екі мемлекет арасындағы тауар айналымы, тіпті, былтырғы дағдарыс кезінде 1,7 миллиард доллар болды, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінде Қазақстанда Швейцария капиталының қатысуымен 400-ден астам кәсіпорын жұмыс істеп жатқанына тоқталды.

– Қарым-қатынастарымыз бен ынтымақтастығымызда белгілі бір жетістіктер бар деп санаймын. Сонымен қатар мұны одан әрі дамыту үшін әлеуетіміз де жеткілікті. Қазақстан тікелей инвестиция тарту үшін еліміздегі инвестициялық климаттың мейлінше қолайлы болуына барлық мүмкіндікті жасайды. Қазақстан – аймақтағы экономикасы ең ірі мемлекет. Біздің мақсатымыз – аймақтағы жетекшілік орнымызды сақтап қалу. Сонымен қатар экономикамызды әртараптандыруға байланысты мәселелерді шешуіміз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, Қазақстанда экономиканы көміртегінен ада етуге, жасыл технологияларға, қоршаған орта мен қаржы саласын қорғауға байланысты жобаларға басымдық беріледі.

Кездесу барысында Stadler Rail AG компаниясының президенті, Қазақстан мен Швейцария іскерлік кеңесінің тең төрағасы Петер Шнуплер, Glencore International AG компаниясының бас директоры Айван Глазенберг, Roche Holding концернінің басқарма төрағасы Кристоф Франц, Credit Suisse Switzerland инвестициялық бөлімшесінің басшысы Йенс Хаас, ABB Switzerland компаниясының бас директоры Роберт Ичнер, KS Genetics компаниясының президенті Филипп Ломбарди, INOKS Capital компаниясының бас атқарушы директоры Набиля Абдул-Масих және Rey Group компаниясының президенті Кристиан Рей сөз сойлады.

● ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА



РУХАНИ
ЖАҒҒЫРУ

Айтты сахнасына Мұхтар ақын шыққандағы халықтың сенімі мықты, көшетіміз бөлек. Бұл – ат сүрінгені сөз тауып үлгеретін, ұлтқа жанашыр ақынға деген ел құрметі. Ұлттық домбыра күні қарсаңында үш дүркін «Алтын домбыра» иегері, айттыс ақтангері Мұхтар Ниязовпен тілдестік.



Ақынның серігі – домбыра

– Айттыскерлердің сөзі дауыл секілді. Кейде сөздің бұзып, серіліп жетіреді. Ақынның бұл қасиеті домбырасын алып, шаршы топқа шыққанда қиындайтын байқаймыз. Мұндайда сіздің өлебеңізді қоздырып, дем беретіні не?

– «Тұлпар түрін жасырады» деген сөз бар қазақта, яғни, топты, думанды көрмейінше нағыз тұлпарлар өзінің бойындағы сұлулығын, ерекше қасиетін жасырын ұстайды екен. Ол Алладан берілген инстинкт шығар жануарға. Көп байқаймын, сол секілді жай кезде қарапайым адамдардың кейбірі сахнаға шыққанда

түлеп сала береді. Бұл, біріншіден, елдің көшетімі, сөздің жауапкершілігі, алқаның қыздыруы шығар. Шабыт деген көңіл-күй ғой. Домбыраны қаққан кезде халықтың көшетімінен шабыттың келеді. Сол жерде үлкен дүниелер туып жатады. Бұл да болса айттыстың эмоциялы, синкретті өнер екенін көрсетеді. Мұндайда дем беретін, делебеңді қоздыратын – елдің көшетімі. Сөзге деген жауапкершілік те бар. Сондықтан бұл өнердің қыр-сырын түсіну үшін кемінде бір рет домбыра ұстамай болса да, сахнаға шығып көру керек деп ойлаймын.

3-бет



Зияткер ұрпақ – ел тірегі

Аймақта Сыр елінің данқын көтерер білімді ұрпақ өсіп келеді. Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында халықаралық, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жоба-конкурстарда топ жарған оқушылармен кездесті.

Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы»

Аймақ басшысы жас ұрпақтың бойында ғылым мен білімге деген үлкен талпыныс барын, мемлекет қолдауының нәтижесінде бүгінгі буын сапалы білім алып, арнайы бағдарламалар қабылданғанын, шетелдерде оқуға қол жеткізгенін ерекше атап өтті.

– Дана халқымызда «Қатарының алды бол!» деген баталы сөз бар. Бұл игі тілек жастарға ерекше рух беріп, жігерлендіру үшін үлкендеріміздің риза көңілімен айтатын сөзі. Сіздер байрақты білім бәсекесінде жеңімпаз атанып, қатарларының алды болдыңыздар. Ұстаздарың мен мектептеріңнің абыройын асқақтатып, бізді де ерекше қуанып отырсыздар. Ата-бабамыз «Өсер елді білімді ұрпағынан танысын» деп бекер айтпаған. Болашақта еліміздің өсіп-өркендеуіне қызмет ететін, ата-аналарымыздың үкілі үмітін ақтап, туған еліміздің асқақ рухын сақтайтын азаматсыздар! – деді облыс әкімі.

Егемендіктің алғашқы жылдарынан бастап елімізде сапалы білім алу үшін әлеуеті зор бағдарламалар қабылданды. Облыс әкімі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев тәуелсіздікті нығайту жолында барлық қиындықтарды

енсеріп қана қоймай, еңсесі биік Елордамызды салдырып, шекарамызды шегендегенін, ТМД елдерінде баламасы жоқ «Болашақ» бағдарламасын қабылдап, жастардың шетелде білім алуына мол мүмкіндік жасағанын атап өтті.

Биыл білім саласында ерекше жаңалықтар аз емес. Облыста 8 оқушы халықаралық олимпиаданың жүлдегері атанып, 38 бала республикалық олимпиада мен ғылыми жарыстарда үздіктер қатарынан көрінді. Ал «Бастау» республикалық олимпиадасында облыс командасы ІІІ орын иеленді. Мұнан бөлек, ауыл балаларына арналған «Мың бала» ұлттық зияткерлік олимпиадасында 99 оқушы жеңімпаз атанып, мамандандырылған мектептерге қабылданды. Сондай-ақ, IQanat олимпиадасында үздік нәтиже көрсеткен 26 оқушы Қапшағайдағы демалыс орталығында тынығып қайтты. 4 оқушы қазіргі кезде Бурабайда орналасқан «IQanat High school of Burabay» мектебінде білім алуа.

Өңірде «Елбасы медалі» жобасына облыстан 351 оқушы қатысып, 247 бала қола медаль иегері атанды. Ал, 54 оқушы күміс медальға, 49 оқушы алтын медальды иелену үшін бақ сынамақ.

Салтанатты шарада оқушылар

аймақ басшысына өздерін толғандырып сұрақтарын қойды. Олардың бірі мамандық таңдауға қатысты сауал қойса, енді бірі көпбасшы болу үшін қандай қасиеттер керек екенін білгісі келді.

Жүзден жүйрік оқушылардың ойын тыңдаған облыс әкімі мұнан кейін оларға арнайы «Сыр Дарыны» медалін табыстады. Сонымен бірге оқушылар мен студенттер арасында өткен дебаттық турнир жеңімпазы №3 ІТ мектеп-лицейдің бітіруші түлегі, «Алтын белгі» иегері Арайлым Жаксылыққа Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің гранты бұйырды.

Жиында республикалық олимпиада қорытындысымен «Үздік 100 мектеп» жобасының жеңімпаздары да марапатталды.

Кездесу соңында Сыр дарындылары атынан мектеп оқушылары Нұрайым Пақуадинова мен Бағдаулет Жарылқасын сөз алып, жүрекжарды тілегін, алғысын айтты.

– Біз өз кезегімізде мәңгілік елдің мәртебесін көтерер, тәуелсіздігімізді көзіміздің қаршығындай қорғап өтер, игі бастамаларды мінсіз жүзеге асырар алтын ұрпақ болуға еңбек етеміз, – деді Нұрайым Пақуадинова.

Жиында Гүлшара Әбдіқалықова Сыр өрендерінің халықаралық, республикалық білім долларындағы жеңісі Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арнайы тарту болғанын ерекше атап өтті.

Басқосу соңында білімге ден қойған зерделі жастар «Бір үйдің баласындай» әнін қосыла шырқап тарасты.

● АПЫРАЙ-Ә!

Шілденің шіліңгірі алда

Өңірдегі аптап ыстық бәрінің апшысын қуырып барады. Көлеңкеңің өзі күйдіріп жіберердей. Синоптиктер шілденің басында да ыстықтың беті қайтпайтынын айтып отыр. Болжам еліміздің бірқатар өңіріне байланысты.

«Қазгидрометтің» 1-3 шілде аралығына арналған мәліметінше, термометр бағаны түнде солтүстікте, онтүстік пен орталықта – 12-25, күндіз 30-44 градусын жоғары. Шығыста түнде – 12-20, күндіз 27-35 градус жылы. Ал батыста түнде – 15-26, күндіз 28-36 градус болады деп күтіледі. Бұған Иран аудандарынан ыстық және құрғақ ауа массаларының келуі себеп. Тек республиканың батысында, солтүстік батысында циклонның келуімен найзағай ойнап, жаңбыр жауады. Сондай-ақ бұршақ жауып, жел екпіннің күшеюі және ауа температурасының төмендеуі байқалуы мүмкін.


Төтенше жағдайлар министрлігі аптап ыстықтың әлі сақ-

талатынын ескеріп, халықты аса қажеттілік болмаған жағдайда далаға шықпауға шақырды. Сондай-ақ төмендегіні қаперге алуды ұсынды:

- ағзаны сусызданудан қорғау үшін көп су, күніне кемінде 1,5-3 литр сұйықтық ішу;
- аптап ыстықта кез келген физикалық белсенділіктен бас тарту;
- күндіз күн сәулесі бөлмеге кірмеуі үшін терезелерді ашық реңкті перделермен жабу;
- күн өтпес үшін бас киім, ашық ауа өткізбейтін киім (мақтадан жасалған) кию керек.

Төтеншеліктер осындай күндері, әсіресе, балаларды ерекше бақылауға алуға кенес беріп отыр.

«СБ» ақпарат





ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Корқыт ата атындағы Қызылорда университетінде Тәуелсіздіктің 30 жылдығына және Астана күніне орай «Қазіргі сын-қатерлер, дәстүрлер мен инновациялар: «Әлеумет. Тұлға. Құндылықтар» тақырыбында І Халықаралық форум өтті. Екі күнге созылған форумға облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова қатысып, аймақ дамуын бағыттайды және қатысушыларға сәттілік тіледі.

Мәлімді Қ.А.ЫМБЕТ, «Сыр бойы»

Әлеумет. Тұлға. Құндылықтар



Тыңайтқыштарды, химиялық препараттарды толассыз пайдалану салдарынан Арал өңірі экологиялық апатқа душар болды. Бұл адамзат баласының қолдан істеген қателігі ретінде әлемге танылды. Мәселелер тек экологиялық күрделі жағдайға ғана емес, әлеуметтік-экономикалық дамуға да қатысты еді. Осындай күрделі кезеңде, 30 жыл бұрын Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бас-тамасымен тәуелсіз Қазақстан мемлекеті дүниежүзілік картада өз орнын қалыптастыра білді. Бүгінде еліміз шекарасы нақтыланған, Әнұраны көкте қалып, Көк Туы желбіреген, Елтанбасы қалыптасқан, тілі, төл теңеген, әскери күші бар, жаңа слордасы бой көтерген іргелі мемлекет, – деді облыс әкімі.

– Мемлекет басшысы Тәуелсіздіктің 30 жылдығы нақты істер мен бастамалар жүзеге асытып уақытқа айналуы тиістігін айтты. Бүгінгі форум соны негіз етіп отыр, ел дамуына, аймақтың өркендеуіне жол ашатын ұсыныстар жинақталарына сенім мол. Форум жұмысына сәттілік тілеймін, – деді Гүлшара Әбдіқалықова.

– Ежелден Сырдария – көшпелі өркениеттің бәсігі. Мұнда түрлі мәдениеттер қалыптасып, мемлекеттер құрылды. Тарихқа жүгінсек, бұл жерден қазақтың төрт астанасы орын тепкен. Біздің дәуірімізге дейін XIV ғасырда негізі қаланған сақтардың астанасы Шірік-Рабат, IX-XI ғасырлардағы Оғыз мемлекетінің бас қаласы Жанкент, XIV-XVI ғасырларда Ақ Орда мен Қазақ хандығының астанасы Сығанақ пен Қызылорда қаласы 1925-1929 жылдары Қазақ Кеңес Республикасының астанасы болған. Кезінде жал-жал толқыны жағаға ұрған Арал теңізі планетамыздағы ең үлкен теңіздердің қатарында болғаны белгілі. 1960 жылдардан бастап Арал аймағын игеру қолға алынып, Сыр мен Әмудариядағы мемлекеттердің игерілетін жер көлемі еселен ұдайып, халқының саны артты, қажеттілік көбейді. Екі өзен бойында суды қажет ететін күрші, мақта дақылдарының қарқынды дамуынан Аралға құйылатын су мөлшері азайды, тұздылығы артты.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Комиссия отырысындағы келелі мәселелер

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың қатысуымен облыс әкімдігі жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысы өтті.

Күн тәртібінде былтырғы және биылғы жылдың I жартыжылдығында есірткі, психотропты заттарды, сол тектестерге қатысты жасалатын құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесі қаралды. Сонымен бірге I жартыжылдықтағы мүлікке қарсы қылмыс, оның ішінде мал ұрлығының алдын алу бойынша атқарылған шаралар талқыланды.

заңсыз айналымнан 2 млрд 380 млн теңге ақшалай қаражат түсу қауіпін жою кесілді. Жыл басынан бері 5 айда барлығы 66 есірткі құқық бұзушылығы анықталып, заңсыз әрекеттерге тосқауыл қойылды. Атырау облысында іс-шаралардың нәтижесінде республикалық маңызы бар тас жолдар арқылы басқа облыстарға автокөлікпен есірткі затын тасымалдаудың 5 дерегі анықталып, 9 адам құрықталды. Есірткі туралы ақпарат тарататын сайттардың да жұмысы бақылауға алынды. I маусым - 30 қазан аралығында республика аумағында «Қарасора-2021» арнайы жедел-профи-

лактикалық іс-шарасы өткізілуде. Бес ай ішінде облыс көлемінде мүлік ұрлығының тіркелуі 28% төмендеп, республика бойынша қауіпсіз аймақтардың қатарына енді. Ұрлықпен айналысқан 192 адам ұсталып, оның ішінде 26 қылмыстық топ құрықталды. Жалпы ұрлықтың ашылуы 12% жақсарған. Ай сайын «Мал ұрысы» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде. Аймақ басшысы атқарылған жұмыстарды саралап, облыстық полиция департаментіне бірқатар тапсырма берді. – Есірткі өсірудің жолын кесу бағытында заманауи технологияларды пайдалану мүмкіндіктерін қарастырыңыздар. Оның ішінде «Ғарыштық мониторинг» қызметін қолдану тиімділігі бойынша ұсыныс берілсін. Заңсыз есірткінің құқықтық жауапкершілігін БАҚ-та кенінен түсіндіру жұмыстарын

жүргізіп, нашарлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылға бағытталған қызметті үйлестіру жөніндегі облыстық ведомствоаралық штабтың жұмысын күшейту керек, – деді облыс әкімі. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша қала және аудан әкімдіктеріне тұрғындарға көпқабатты тұрғын үйлердің қиырауына тейісін теңір есік, электронды қолданған құлып, домофон, бейнекамерамен жабықтау және елді мекен тұрғындарына мал ұрлығы көбінесе өрістен, жайылымнан, иесіз жіберілгеннен екенін түсіндіру жүктелді. Облыс әкімі бір жеріміз жыл ішінде бірде-бір қылмыс тіркелмеген Шіелі ауданына қарасты Жиделіарық елді мекенін үлгі ретінде көрсетіп, «Қауіпсіз ауыл», «Қауіпсіз аудан», «Қала ішіндегі қауіпсіз аймақ» номинациялары бойынша байқау өткізу туралы ұсынысты қолдады.

Қауіпсіздік талаптары құр сөз емес

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі облыстық комиссияның кезекті отырысы өтті. Жынына облыс әкімінің орынбасары, салалық басқарма басшылары мен қала, аудан әкімдері онлайн режимде қатысты.



Отырыста 2021-2022 жылғы жылу беру маусымында көмірқышқыл газы мен табиғи газға улану жағдайларының алдын алу мәселелері талқыланды. Аймақ басшысы биылғы жылу беру маусымында тұрғын үйлерде 205 өрт оқиғасы тіркеліп, бұл өткен жылмен салыстырғанда 2 процентке өскенін атап өтті. Өрттің алдын алу үшін бірлескен жұмыстарды күшейту қажеттігін қаперге салды.

Бүгінде облыс аумағында әлеуметтік жағдайы төмен 11 мыңға жуық отбасы тіркелген. Оның ішінде қатты отынмен жылытылатын пеш пайдаланатын 7691 отбасы бар. Бұған дейін облыс бюджетінен бөлінген 4,1 млн теңгеге 3750 отбасына көмірқышқыл газын анықтайтын құрылғылар орнатылған. Жынына төтенше жағдайлар департаменті бастығының міндетін

атқарушы Бауыржан Ізбасаров маусымдық кезеңдегі оқиғалардың алдын алу бағытында атқарылған жұмыстарды тізбеледі. Сондай-ақ, оқиғалардың басым бөлігі тұрғындардың қарапайым өрт қауіпсіздік шараларын сақтамауынан, тұрмыстық пештердің техникалық жағдайына мән бермеуінен, балаларды қараусыз қалдыру, электр желілерінің қысқаша тұйықталу салдарынан туындайтынын жеткізді. Биылғы жылу беру маусымында 126337 тұрғын үй секторының ауласына бақылау жүргізіліп, тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі талаптары бойынша үгіт-насихат жұмыстары жасалған. Тұрғындармен 223 рет кездесу ұйымдастырылып, ZOOM платформасы арқылы 42 онлайн сабақ өткізілген. Анықталған жағдайларды саралаған облыс әкімі маңызды мәселенің бірі газ баллонынан болатын жарылыс салдарын зерттеп, алдын алу бағытында түсіндірме жұмыстарын тұрақты түрде іске асыру қажеттігін қатан тапсырды. Комиссия отырысында өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті облыс бойынша департаментінің басшысы Жанмұрат Балғабаев, облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы Медет Усаин, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Руслан Нұрма-

ғамбетов үйлерге көмірқышқыл газын анықтайтын құрылғылар орнату, газ құю бекеттерінде газ жарылу жағдайларын талдап берді. Облыс әкімі тиісті сала басшыларына газ құю бекеттеріндегі талаптарды бұзу деректерін анықтау үшін рейдтер ұйымдастыруды, тұрмыстық газ баллонды автогаз бекеттерінде толтырудың қауіптілігін түсіндіру туралы арнайы медиажоспар әзірлеп, ақпараттық түсіндірме жұмыстарын күшейту қажеттігін қаперге салды. Аймақ басшысы Қызылорда қаласы мен аудан әкімдеріне, облыс аумағындағы әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен 97 отбасының жарамсыз жылыту пештерін жөндеу немесе қайта аула, 42 отбасының тозығы жеткен электр желілерін өрт қауіпсіздігі талаптарына сай келтіруді тапсырды. Сонымен бірге облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы, Қызылорда қаласы және аудандар әкімдерімен бірлесіп, тұрмыстық газ баллондары мен газбен жабықтау жүйесін қауіпсіз пайдалану бойынша қажетті шараларды қабылдау керек. Ал, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысына жыл соңына дейін тұрғын үйлерге табиғи газды анықтайтын құрылғы орнату бойынша жұмысты ұйымдастыруды жүктелді.



● ТАҒАЙЫНДАУ

Басқармада жаңа басшы

Облыс әкімінің өкімімен облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасының басшысы лауазымына Макашов Сұлтан Бисқақұлы тағайындалды.

Сұлтан Макашов 1961 жылы туған. Қазақ химия-технологиялық институтын және Қызылорда экономика, экология және құқық университетін бітірген. Еңбек жолын 1978 жылы Қазалы ауданы Жаңақазалы коммуналдық кәсіпорындар комбинатында слесарь ретінде бастаған.

1984-1992 жылдары – Қазалы аудандық №86 жылжымалы механикаландырылған колоннада бригадир, шебер, аға прораб. 1992-1995 жылдары – №2 азаматтық құрылыс мекемесінде бас инженер, №86 жылжымалы механикаландырылған колоннадың жоспарлау бөлімінің бастығы.

1995-2015 жылдары – Қазалы ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бас инспекторы, Қазалы ауданының бас сәулетшісі, Қызылорда облысы бойынша жылжымайтын мүлік орталығы Қазалы филиалының директоры, Қазалы ауданы әкімінің орынбасары. 2015-2020 жылдары – Қармақшы және Жаңақорған аудандарының әкімі болған. 2020 жылдан бастап осы кезге дейін облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы қызметін атқарып келді.

● ДЕПУТАТ МІНБЕРІ

Тәңірдің өзі тарту еткен еркіндік әрқайсымызға қымбат. Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққанда әрбір саналы азаматты «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекетімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандырамыз анық. Осы тұрғыдан алғанда, бұл – арман-мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінмен қадм басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет.

ЖАРИЯЛЫЛЫҚ ІЛГЕРІ ЖЫЛЖЫТАДЫ

Отыз жыл ішінде жасалған жұмыстар республика көлемінде де, өңірде де аз емес. Тізбелеп жатудың өзі артық. Қандай іс болсын, халықтың көз алдында. Мен түйіні тарқатылмаған мәселелерге назар аударғым келеді. «Ауруын жасырған өледі» демекші, кем-кетік тұсымызды көлнекеу еш абырой әкелмейді. Керісінше, ашықтық бар жерде сенімділік пайда болады. Халық пен биліктің арасындағы көпірді жалғашуы болғандықтан, қай жағынан да тек жариялылықты қолдаймын.

Бүгінгі таңда бүкіл адамзатты алаңдатып отырған экология мәселесі де ойландырады. Адам мен табиғат егіз десек, бір-бірінсіз өмір сүру мүмкін емес секілді. Дәл қазіргі туған жерімде қалыптасқан жағдай, қуаншылық, малдың қарылуы тұрғындарға оңай тимеді. Бұл бағытта дәр кезінде қолға алынған шаралардың нәтижесінде аймақта төтенше жағдай жарияланатын болды.

Арал теңізің сақтау үшін көптеген жобалардың ұсынылғаны белгілі. Алайда олардың көпшілігі теңізді толтыруды емес, оны тек бүгінгі деңгейде ұстап қалуы көздейді. Бұл проблеманың тууына себепші болған – тек өзіміз. Ұзақ жылдар бойы Аралға құятын ірі өзендер – Әмудария мен Сырдарияның суын теңізге жеткізбей, түгелдей дерлік егістіктерді суландыруға пайдаланып келдік. Біздің өңірде мақта мен күрші ескеннен мемлекетке келіп жатқан пайдасы қандай? Соны зерттеуіміз керек.

Өзге елдердің тәжірибесін көріп, оның тиімдісін өзімізге енгізген дұрыс деп есептеймін. Мәселен, Өзбекстанда болған кезімде олар тек қана күрші екпейді. Сыр аймағында күршінің санаулы түрі болса, ол жақта 36 сорты бар. Сондай-ақ, жерге күрші егіп болған соң, оны орып алып, өзге де қыстық дақылдарды егіп, сан алуан өнім түрлерін алады. Одан жердің құнарлығы артады. Суару тәсілі, егу тәсілі де мүлдем басқаша. Осы жағынан алғанда, ала шапан иелерінен үйренеміз көп сияқты.

Ғалымдардың есептеуі бойынша, теңіз табанынан атмосфераға жылына бірнеше тоннаға дейін тұзды шаң-тозаң ұшады. Аралдың тағдыры қазір аймақ шеңберінен асып, бүкіл әлем биігінен көрінуде. Топырақта шөп шығатын нәр жоқ екені ғылыми негізде анықталып отыр. Демек, бүгінгі таңда кезек күттірмейтін мәселе — құрғаған теңіз табанындағы тұз, шаңның көбеюін қалайда бәсеңдету. Ол үшін теңіз ұлтанындағы құм, тұз шаңдарды жерусті немесе жерасты суымен бастыру, сол сияқты өсімдік түрлерін егу жұмыстарын айрықша назарға алған жөн. Өлі де Арал теңізі бассейніндегі проблемаларға халықаралық қорлар мен ұйымдардың қаржылары мен мүмкіншіліктерін жұмылдыру қажет-ақ.

Жуырда облысымызға ҚР Президентінің көмекшісі Қанат Бозымбаев жұмыс сапарымен келді. Өзекті мәселе бойынша өткен жылында су шаруашылығына қатысты бірқатар жайттар талқыланды. Күрші егісінің көлемі өткен жылдан 6,5 мың гектарға қысқарған. Еккен егінді сумен қамтамасыз ету мәселесі күрделі күйінде қалып отыр. Сонымен бірге, облыс аумағындағы 207 көлдің толуы 52 процентті құраса, 17 көлде мүлдем су жоқ. Қамыстыбақ және Ақшатау қолдерінде күрделі жағдай қалыптасты. Мәселенің шешу жолдары Президенттің назарында екенін естіген жұртшылық қуанып қалды.

Мемлекетіміздің жарқын болашағы әрине, жастардың бүгінгі білімі мен біліктілігіне байланысты. Сондықтан, ұлттық идеологияны дамытуды жақсылап қолға алу керек. Әсіресе, тәуелсіздік ұрпақтарын материалдық тәуелділікке емес, өз елінің нағыз патриоты болуға тәрбиелеуге жұмыс істелгені құба-құл. Жастардың тұрақты кәсіп табуына көмектесуіміз қажет. Қазір жұмыспен қамтуға бағытталған бірнеше бағдарлама бар. Бірақ көбі сол шаралар туралы білмейді. Мемлекет ұсынып отырған түрлі қолдау жұмыстарынан хабарсыз. Бұл мәселе тек жазақ үгіт-насихатпен шешілмейді. Жастарды жұмыспен қамту мәселесімен арнайы айналысып, күнделікті назарда ұстаса, қазіргідей екі қолға бір күрек таппай сенделіп жүргендер көбеймейді.

Ертең еліміздің абыройын асыратын да – осы талантты ұл-қыздар. Біз олардың өрсіні ашып, қарым-қабілетін шыңдау үшін бар мүмкіндікті жасауға тиіспіз. Бұл жағынан бізге мықты идеология керек. Сонда жұмыс жүйелі болады.

Мейрамбек ЖҰМАШЕВ, «Тоғыс отын» ЖШС директоры, облыстық мәжіліс депутаты

● АСТАНА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

Нұр-Сұлтан – жасампаздық пен жаңашылдық қаласы

Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев астананы көшіру туралы өз идеясын ойында үкілеп, жүрегінде тербетіп жүрген кезеңде мен тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Үкіметінің құрамында Баспасөз және ақпарат министрі, вице-премьер, ҚР Жоғарғы Кеңесі төрағасының орынбасары қызметтерін атқардым. Әрине, мен Президент республиканың өмірі мен болашағы туралы өз ойларымен және түбегейлі жоспарларымен бөлісетін әр түрлі жұмыс жиналыстарына және бейресми әңгімелерге қатысатынымын. Дегенмен, шынымыз айтсам, ол астананы көшіру туралы өзінің жүрек түбіндегі қастерлі идеясын алғаш айтқан кезде, мен үшін бұл айтарлықтай күтпеген жағдай болды.

Сонымен бірге біз, Үкімет мүшелері және Тұңғыш Президенттің пікірлері, алдағы елорданы көшіруге байланысты жауапкершілік сезімі мен оның өлшемін негізінен түсіндік және ұғындық.

Жаңа астананың 1998 жылғы 10 маусымдағы салтанатты тұсаукесерін, Президенттің әсерлі сөзін, Есілдің жағалауына Мемлекеттік рәміздер – Ту, Елтаңбаның келуін, Әнұранның орындалуын және, әрине, тұрғындардың шат-шадыман көңіл-күйін ерекше тәбіріненіспен еске аламын. Ол кезде бәрі де жаңашыл болды, қала өзгеріп сала берді: көшелер жанданды, қоғамдық ғимараттар пайда болды, дауыл, боран және ауа райының басқа да тосын сыйларына қарамастан, қысқа мерзімде

тұрғын үйлер кешендері тұрғызылды.

Келген мемлекеттік қызметкерлер мен депутаттар алғашқы жылдардағы барлық коммуналдық қолайсыздықтарды, суық қонақ үйлерді, мұздап қалған котлеттер мен ыстық шайды – бәрін де түсіністікпен қабылдады және әзіл-қалжыңға айналдыратын еді. Бірақ табиғат біртіндеп жұмсарып, Нұр-Сұлтан өмір сүру үшін барынша қолайлы, әлемдік маңызы бар қалаға айналды.

Президент астананы көшіру туралы ресми Жарлыққа қол қойғаннан кейін, менің өз басым осынау үлкен жобаның сәтті болғанына еш күмәнданған емеспін. Мен әрқашан елордамыздың болашағына сендім және сене



беремін. Ақорда, «Бәйтерек» монументі, Ұлттық академиялық кітапхана мен мұрағат ғимараттары, Министрліктер үйі, Нұржол бульвары, «Қазақстан» киноконцерт залы, керемет «Астана-Опера» театры, «Астана-Арена», «Хан-Шатыр» сауда-ойын-сауық орталығы, ЭКСПО-2017 павильондары және тағы басқа да сол жағалауға көрік берген бірегей ғимараттар көз алдымызда бой көтерсе, қалай сенбейсің?

Бүгінде Нұр-Сұлтан заманауи келбетті әрі шабыт шақыратын энергетикасы бар қала ретінде қалыптасқаны сөзсіз. Біздің жаңа астанамызды әлем жұртшылығы мойындады және соңғы 10-15 жылда оны нақты түрде суразиялық кеңістіктің өңірлік орталығы деп атайды. Елбасының бас-тамасы бойынша әлемдік қауіпсіздіктің ең күрделі проблемалары бойынша аса маңызды халықаралық саммиттер, мемлекеттер мен

үкіметтер басшыларының кездесулері нақ біздің елордамызда болып өткені кездейсоқ емес. Бұл бітімгершілік істердің қатарында 2010 жылы өткен ЕҚЫҰ Саммиті оқшау тұр, онда 57 мемлекет, үкімет және халықаралық ұйымдардың басшылары тарихи Астана декларациясына қол қойды. Қазақстанның бас қаласында әр үш жыл сайын өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін

де ағамай өтуге болмайды. Осындай бітімгершілік шараның арқасында мұнда Сириядағы ауқымды соғысты тоқтату бойынша маңызды келіссөздер өтті.

Көптеген мемлекеттердің көшбасшылары, шетелдік сарапшылардың көпшілігі біздің жаңа астанамызға келгенде, Нұр-Сұлтан өңірлік саяси, экономикалық, бітімгершілік орталық ретіндегі зор әлеуетін әлденеше рет атап өткен болатын. Бұл биік белесті сақтау, қалай аяқталатынын болжау мүмкін еместігіне қарамастан, халықаралық процестерге белсенді қатысудың маңызы зор.

Елордамыздың Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жетістіктерін нығайтып, тиімді даму моделін жүзеге асыруды жалғастыра беруінің маңызы аса зор. Өйткені Нұр-Сұлтан тәуелсіздіктің отыз жылы ішінде бейбітшілік, келісім мен прогрестің негізгі идеяларын жүзеге асыра отырып, барлық қазақстандықтарға үлкен пайда әкелетін жасампаздық пен жаңашылдық қаласына айналды.

Қуаныш СУЛТАНОВ,
мемлекет және саяси қайраткер, саяси ғылымдардың докторы.
100angime.kz

● ТАЛҚЫ

Қала қарбаласындағы бір тоқсан



Қызылорда қаласының әкімі Ганибек Қазантөев кеше республикалық және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен кездесті.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

Сырдария ауданын алты жарым жылдай басқарған ол қазіргі қызметі өзіне екі есе зор жауапкершілік пен міндет жүктейтінін жеткізді. Ганибек Қонысбекұлы қаланың қарбалас тірлігіне, қым-қуығ өміріне бірден білек сыбана кірісіп кетті. Содан бері арада үш ай өтті. Бірақ басқосуға сала-құлаш цифр тізіп, баяндама жасаған жоқ. Оның орнына қоғамның тамыр бүлкілін тап басып, боямасыз жеткізуге тырысатын журналистердің өзін тыңдауға уақыт бөлді. Әріптестеріміз екі сағат шамасында шаһардағы маңызды мәселелердің шетін шығарып, олардың орындалуында әкім командасына сенім артты.

Республикалық «Тіл сақшысы» газетінің бас редакторы, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы облыстық филиалының төраға-

сы Сәдуақас Ансат халқының басым бөлігі қазақ екеніне қарамастан, өңірде мемлекеттік тіл мәселесіне қатысты бірер түйткіл барын жасырмады.

– Мысалы, аядамалардың атауы әлі күнге толық қазақшаланып біткен жоқ. Сырттан келгендер бізге сын көзбен қарайды. Мұны жөндеуге әбден болар еді. Жаңадан бой көтерген ғимараттардың маңдайшасын ағылшын, орыс тілінде жазып іліп қояды. Ата заңда қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде көрсетілсе де тірлігіміз мынау, – деді ол.

Ардагер журналист Айтқұл Шалғынбаева қала әкімі жұмысының беталысын жоғары бағалады.

– Проблеманы шұғыл шешуге талпыныс көңілден шықты. Соның бір мысалы – насос қондырғыларын ор-

нату арқылы аяқсу мәселесін шешудегі ігі бастама. Дәл осы қарқынмен кейбір көпқабатты үй тұрғындарының ауызсуға зәрулігін де жолға қоятынына сенеміз, – деді ол.

Жиында «КБИ» мен «Шұғыла» шағын аудандарының аралығында теміржол өткелін салатын кез жеткені, «Саулеттегі» асфальт жолдың жүргіншілер үшін қауіптілігі, мұнда балаларға арналған ойын алаңының жоқтығы, «Белкөл» кентіндегі қызық алаңның талай жылдан бергі өткір жағдайы экологиялық ахуалды ұшықтырып отырғаны көтерілді.

Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының төрайымы Қаршыға Есімсейітова облыс орталығында Әдебиет үйін, ал «Ұстаз мәртебесі» газетінің бас редакторы Нұрлан Көбегенұлы Журналистер алесын ашуды ұсынды. Қала әкімі қаламгер қауымның тілек, пікірі бойынша тиісті мүмкіндіктер қарастырылатынын тілге тиек етті.

Дегенмен, су, тазалық, қоғамдық көлік мәселелері алдыңғы орында екенін шегеледі.

– Қалада 880 көше бар. Үш айда ой-шұңқырын түгел аралап шықтым. Әр түкпірде қызық жатыр. Соның жартысын тастайтын – тұрғындардың өзі. Бұл халықтың тазалық мәдениетінің өлшемі болса керек. Осы сияқты жайттарға байланысты сананы ояту, мәдениетті көтеру бағытында сіздердің көмегіңіз керек, – деді Ганибек Қонысбекұлы.



«Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра»

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы, Партия Төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығына сәйкес шілденің бірінші жексенбісі қазақ халқының киелі де қасиетті музыкалық аспабы Ұлттық домбыра күні жарияланған болатын. Еліміз егемендік алып, еңсемізді тіктеген тәуелсіздік жылдарында бекітілген

төл мерекелеріміз бен атауды күндеріміздің қайсысын алып қарасақ та, әрқайсының орнынақан орны, өзіндік тарихы бар.

Осы орайда «Nur Otan» партиясы «Ұлттық мұра» жобасы аясында сан ғасырдың сырын күмбірімен жеткізген қара домбыраны ұлықтау, қазақ мәдениетін, өнер туындыларын, рухани құндылықтарын,

ұрпақтар сабақтастығын және тарихқа деген құрметті насихаттау мақсатында партия мүшелері арасында «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» атты онлайн челленджі бастады.

Мереке қарсаңындағы шараға барлықтарыңызды атсалысуға шақырамыз. Әр шаңырақтан ән-күй үзілмесін!

● ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

Ақынның серігі – домбыра

– Ұлттық домбыра күні бүгінгі санамызға қаншалықты серпілік әкеледі деп ойлайсыз? Бұл күннің маңызы туралы айтып берсеңіз...

– Ұлттық домбыра күні – дер уақытында қолға алынған жоба. Өйткені, Қадыр атамның «Нағыз қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» дегені тапқырлықпен айтыла салған сөз емес. Расында да, домбыраның бойында ғасырлар бойғы құндылықтарымыз бар. Оның әр күмбірінде, әр пернесінде ғасырлар сыры бұғып жатыр. Қазір Алтайдан табылған домбыралардың кейбірі бес мың жылдық тарихқа ие деседі. Сондықтан кешегі, бүгінгі және ертеңгі қазақ деп бөлетін болсақ, осылардың арасын алтын көпірдей жалғап тұр. Кешегі қазақтың тарихи танымы мықты, ұлттық дәстүрге сусындаған болса, бүгінгі қазақ одан сәл әлсіреп, өзінің ата-тегін, болмысын ұмыта бастаған. Ертеңгі ұрпақтың тіпті кім болатынын белгісіз болып тұрған қоғамда домбыраның атқаратын ролі өте мықты болуы керек. Сондықтан халықтық деңгейдегі үлкен мерекенің бірі – Ұлттық домбыра күні. Бұрын әр үйдің төрінде бір-бір домбыра тұратын. Келген қонақ ән айтады, үйдің бірекі адамы тартады. Шетелге шыққан қазақстандықтар, студенттер төріне іліп қояды. Бұл қара тасқандай өркеніеттің ортасына барғанда тамшыдай жұтылып кетпеу үшін керек.

Сондықтан ұлттық аспапты бабадан балаға насихаттап, ол арқылы орындалатын шығармалардың мән-маңызын, тарихын түсіндіріп, сіндіріп, ұрпақтың санасына дәнегін еге беретін болсақ, ертеңгі күні жемісін береді деп ойлаймын.

– Қазір күй қадірін білмейтіндер көп. Мұның бір себебі – күйді өзі де түсінбей, тек саусақ шеберлігімен ғана орындайтындарда секілді.

– Күй – өнердің ішіндегі тылсымы көбі. Өйткені сөзбен айтқанға әркім түсінеді. Ал күйде тұспал, сазды иірім, көңіл толқыны бар. Оны үнсіз, тілсіз деуге де болмайды. Тілсіз дегендер сезімсіз, осыны түсінетін пайым-парасаты жоқ адам шығар деп ойлаймын. Өйткені, «Нар идірген», «Кісен ашқаннан» байқайтынмыз, бұл – тарихта сөзге түсінбейтін жан-жануардың өзін иітіп, балқытып, бойынан сүт шығарған өнердің түрі. Сезімі, ақыл-пайымы бар адамдарды елітпейтін болса, ұлттық кайнар көздеріміздің құлағы бітеліп, тамыры шірі бастағанының белгісі. Кімде-кім күйді естігенде тарихқа бойлап, тамаша бір әсерге бөленбесе, қуат алмаса, мұндай ұрпақтан қорқу керек деп ойлаймын. Бұл өнерді жоғары бағалаймын. Күй тарту қолымнан келмесе де, жақсылап тыңдап, бағасын бере аламын. Сапарға шыққанда көлігіміздің ішінде күй ойнап тұрады, ол – ұлы даланың күмбірі.

– Күйді түсінетін ұрпақ қалыптасу үшін не істеу керек?

– Әр күйдің алдымен тарихын айтып, содан соң тарту керек. Күйшілер байқауында да жаппай тартылады. Оны нағыз мамандар түсінеді де, жалпы халық түсінбей жатады. Мысалы, Құрманғазының «Адай», «Сарыарқа», Төлеген Момбековтың «Салтанат» күйінің шығу тарихын әңгімелеп отырып жеткізсе, ол біріншіден қызығырақ, екіншіден ұмытпауға да әсер еткені. Көптеген күйлерді есте сақтауымыздың бір себебі ұстаздарымыздың тарихымен бірге түсіндіргенінен деп ойлаймын.

– «Алтын домбыраны» үш рет иелену, «Айтқы ақтангері» атанудың абыройы бір бөлек, жауапкершілік жүгі де салмақты. Мемлекеттік қызметке келгесін нендей дүниелерге басымдық бердіңіз?

– Қадыр Мырза Әлінің

«О, тіршілік! Не берсең де арнап бер, Алтын балық ілінетін қармақ бер! Бақыт бер де, Бармақтай сол бақытты, Басып тұрар батпандай бір салмақ бер!» дегендей, бұл жауапкершілікті, мойнымыздағы міндетті абыроймен алып жүру әр күніміз үшін сын. Мемлекеттік қызметке менің атақ-дәрежемнің аса бір қатысы жоқ. Бұл жерде іскерлік, басшылық, менеджерлік секілді, бойында бұғып жатқан басқа сапа, қырлардың сыңға түседі. Қашанда қызметіме жетістіктерімді, жетістіктеріме қызметімді араластырмауға тырысамын. Әр нәрсе өзінің орнында болғанда ғана жемісін береді.

– Айтқиса шыққанда домбыра таңдайсыз ба? Қазіргі домбыраныңды кімге жасаттыңыз?

– Айтқиса шыққанда домбыра таңдай бермеймін. Бірақ, мүмкіндігіңше жақсысын алып шығуға тырысамын. Ұшақта зат алып жүруге рұқсат жоқ кезде алып бара алмаймын. Сол жақтағы жігіттерге хабарласып, айтып қоямын. Әр елдің бетке ұстар жігіттері ғой, осылар домбыра тартпайды. Бірақ өзін шебер домбыраны болмағаннан кейін, айтатын ойымды жеткізіп, толықтырып отыруға мүмкіндігі бар домбыра болса, алып шыға беремін. Домбыра деген батырдың тұлпары секілді. Атың желіп, жортып, тақымында ойнап тұрса, сонымен бірге еріп отырарсың. Ал, домбыраң арқа тартып, шыңкылдап тұрса, ойын шырап кететін кездер болады. Сондықтан батырдың серігі аты болса, ақынның серігі – домбыра. Әрдайым домбыраны бабында ұстап, жақсы шеберлерге жасатып, халықтың эстетикалық талғамына сай аспап тартып жүргенге жетпейді.

– Уақыт бөлгеніңізге рақмет!

Әңгімелескен
Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы»



«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Ақмешіт» филиалы қызметкерлері «Qyzylorda» телеарнасымен бірлесіп «Құнды жәдігер» телевизиялық жобасын қолға алды. Жобаға елімізге белгілі ғалымдар, жергілікті өлкетанушылар қатысады. Бұл жоба жыл басында ұсынылып, облыстық музейдің директоры Сапар Әлиасқарұлы және «Qyzylorda» телеарнасының басшысы Жағыппар Қарабаланың жан-жақты қолдауымен телевизия арқылы республикаға таратылуда. Жобаның мақсаты – Сыр еліндегі әулие-әмбиелер, ахуишандар, билер мен батырлар пайдаланған халық қасиетті санайтын дүниелерді зерттеу және насихаттау.



Тарихи мұраны ұлықтаған жоба

Алғашқы экспедициялардың бірі XIX ғасырда Алаш жұртының рухани көсеміне айналған Марал ишан Құрманұлының ұрпақтарында сақталған жәдігерлерді зерттеуден басталды. Марал ишанның ұрпақтарында сақталған мөрдәгі арабша жазу түркітанушы ғалым Серікбай Қосановтың қатысуымен тәржімаланып, «Қалмұхаммед ибн Марал ишан, хиджраның 1247 жылы» деп жазылғаны анықталды. Ұрпақтарының айтуынша, шамамен 1830-1835 жылдары жасалған мөр осыған дейін Марал ишандыкі саналып келген. Аса қызығушылық танытқан зерттеушілер де болмаған. 1815-1870 жылдары өмір сүрген Қалқай ишан Бұқара мен Бағдат қалаларының медреселерінде ілім алып елге келгеннен кейін мешіт-медресе ұстап, жастарды руханиятқа сусындатын қана қоймай, елді еңбекке баулыған екен. Шығыстың қисса-дастандарын жатқа білген, тіпті жырларды жазып жинақтаған. Ишан туралы халық аузында көптеген аңыз-әсаналар сақталған.

Сонымен бірге Қалқай ишанның (Қалмұхаммед) немересі Әмит ишанның (Абдухамид) біраз дүниелері сақталған екен. Оның ішінде бас киім, қанжарының күмістелген былғары қыны, араб, парсы, шағатай тілдерінде жазылған кітаптарды ерекше атауға болады. Қазіргі уақытта бір кітаптың жалпы мазмұны аударылып, мұсылман дінінің көрнекті өкілі, тарихші Мұхаммед Мұрад Рәзмидің (1855-1934 жж.), Ресей империясының құрамындағы түркілердің тарихына арналған «Талхик ал-ахбар ва талхик ал-асар фи вақит» атты екі томдық тарихи еңбегі екені анықталды. Араб тіліндегі екітомдық тәртарау арқылы тарихи оқиғаларды хронологиялық тәртіпте сипаттайды.

Кіріспеді түркілердің шығу тарихы мен даму тарихын және олардың көршілермен қарым-қатынасы баяндалады. Бірінші бөлімінде Еділ Булғариясының тарихы және оның монғолдар жаулап алғанға дейінгі халқы сипатталған. Екінші бөлімінде монғол шапқыншылығы, алып мемлекет Алтын Ордадан құрылуы және олардың исламды қабылдауы туралы қамтылады.

Үшінші бөлімінде Иван Грозныйдың Қазанды жаулап алуына дейін және оның кезінде болған оқиғаларды сипаттайды. Төртінші бөлімде жаулап алынған сәттен бастап қазіргі уақытқа дейінгі Қазан және оның тұрғындарымен байланысты оқиғалар айтылады. Сонымен қатар, Мұрад Рәмзи жұмысының соңғы бөлімінде өз заманының жүзге жуық қоғамдық, саяси, діни, мәдени қайраткерлері туралы қысқаша биобиблиографиялық ақпарат беріледі.

Автор шығармамен 1880 жылдардан бастап Мединада болған кезінде айналыса бастайды. Бірнеше рет Ресей империясына қарасты Бұқара өлкесіне келеді. Араб, парсы және түркі тілдеріндегі дереккөздерін, оның ішінде қолжазбаларды өз жұмысына пайдаланады. Осы арқылы шығарма бірқатар артықшылықтарға ие.

Кітап 1908 жылы Орынборда «Каримов, Хусанов және Қосанов» баспаханасында жарық көреді. Көп ұзамай білік «Автордың христиандар әлеміне және жалпы орыстың бәрине арам пиғыл мен жеқкөрушілік қатынасы» деп тәркіленеді. Алайда кедергіге қарамастан, кітап шығыс елдеріне тез тарайды. Қазіргі таңда сирек кездесетін кітаптар тізіміне енген.

Әмит ишан туралы да ел аузында қызықты деректер сақталған. Әкесі Әбдірахман мақсұм Меккеге қажылыққа сапарында Осман сұлтаны ІІ Абдулхамидпен танысып, зор сыйластыққа болады. Сұлтанға өтінішімен 1906 жылы дүниеге келген ұлына азан шақырып Абдулхамид есімін береді. Кейін жергілікті халық Әмит деп атап кетеді.

Жоба барысында Сыр еліндегі әйгілі Құлболды ишан Сұлтанұлының (1780-1860 жж.) әулетінде сақталған жәдігерлер де зерттеліп, арнайы телехабар дайындалып, халық назарына ұсынылды. Құлболды ишан жастайынан зеректігімен көзге түсіп, кейін Бұқара қаласындағы Қолғалаш медресесінде Айқожа ишан, Марал ишан, Бекет аталармен қатар білім алады. Елге келгеннен медресе ашып, діни-ағартушылықпен айналысады. Алаш жұрты таныған Құлболды




ишан өмірінің соңына дейін халқына қалтқысыз қызмет етеді. Ишанның Медине қаласында жасыл матадан тігіліп, алтын жіппен зерленген шапаны, немересі Әбдіхалық мақсұмның жеке мөрі, 1906 жылы Медине қаласында арнайы жасалған Құлболды ишан шежіресі құнды жәдігерлер екені сөзсіз. Шежіре төрт бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде Әлемді жаратушы Аллаға мадақ, екінші бөлімінде Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарға салауат, үшінші бөлімінде Әзірет Әлидің ұлы Мұхаммед-Ханафиядан бастап Әбдіхалық мақсұмға дейін 43 аталық қамтитын шежіре, төртінші бөлімінде шежіренің жасалған жылы (Медине қаласы, хиджраның 1324 жылы, Зульхиджа айы) жазылған.

Құлболды ишан ұрпақтарында сақталған мөрдәгі араб жазуын түркітанушы Серікбай Қосанов «Ғабд-ул-халк ибн Фазыл, хиджраның 1324 жылы» деп жазылғаны анықталды, Әбді-

халық мақсұмға тиесілі екені белгілі болды. Ұрпақтарының айтуынша, Әбдіхалық мақсұм Мекке қаласына қажылыққа екі рет барып, соңғы сапарында Қара теңізде кеме үстінде дүниеден өтеді. Мақсұмның денесін суға тастағанымен, қалмай жүзіп отырады. Мұндай ғажайып көрініске кемелдегілер таңғалып тегін адам емес екеніне көзі жетеді. Жағаға келісімен серіктері мақсұмды мұсылман рәсімімен жерлейді.

Құлболды ишанның келіні Тоғжан Самұратқызының қант шаққышы туралы қызықты де-



ректер сақталған. Ұрпақтарының айтуынша, Құлболды ишанның кенже баласы Пазыл ишан атақты Шоң бидің тікелей ұрпағы Самұрат бидің шақыртуымен Арқада біршама уақыт болып, емшілікпен айналысады. 1877 жылы Самұрат бидің кенже қызы Тоғжанмен некелесіп, Сыр еліне келеді. Қазак тарихында Шоң би Едігеұлы (1754-1836 жж.) Шығыс ұрпақтарының билігін шектеп, 1816 жылы «Тортуғы» одағын жаңғыртып, одаққа кірген рулардың «Төбе биі» атанып, 1833-1836 жылдары Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны болғаны белгілі. Тоғжан анамыздың жасауымен келген сыртқы күміспен күтелген қантшақшы осы Шоң әулетінің Сыр елінде сақталған құнды дүниесі десек, қателеспейміз.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тарихи мұрамызды түгелдей бағытындағы жүзеге асырылып жатқан «Құнды жәдігер» жобасы алдағы уақытта ұмытыла бастаған қаншама тарихи тұлғалар туралы құнды мәліметтерді жинақтап, зерттеп, олардан қалған киелі дүниелерді халық назарына ұсынып, құнды жәдігерлер музей қорын толықтырады деген сенімдеміз.

Асхат САЙЛАУ,
облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғалым-хатшысы



«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» Алда – облыстық кезең

Отбасы институтын, өзара келісім мен рухани сыйластықты нығайту, бір шаңырақ астында берекелі өмір сүрудің маңыздылығын арттыру үшін елімізде «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Шараның мақсаты – ата-аналық парыз, жауапкершілік секілді ұғымдарды жас ұрпақ санасына сіңіру, жарасымдылықты кеңінен насихаттау.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

Биыл байқау жетінші рет ұйымдастырылды. Конкурс үш кезеңнен тұрады. Қалалық, облыстық және республикалық. Осы орайда «Мерейлі отбасы – 2021» ұлттық байқауының қалалық бірінші кезеңі мәресіне жетті. Пандемияға байланысты сайысқа қатысушылар құжаттарын алдын ала жіберіп, презентациясын ұсынды. Онда отбасы мүшелері, жеткен жетістіктері, қандай салада еңбек ететіні туралы ақпараттар берілді.

Байқауға өтінім 15 мамыр мен 15 маусым аралығында қабылданды. Биыл конкурста қала, кент және ауылдардан барлығы 14 отбасы қатысты. Жеңімпаздарды анықтау үшін қала әкімінің орыбасары А.Есжановтың төрағалығымен ұлттық конкурстың қалалық кезеңінің комиссия отырысы өтті. Сынға түскен қатысушылар арасынан жүйрікті анықтау оңай болмады. Қазылар алқасы байқауға қатысқан отбасы мүшелерінің жеткен жетістігіне, балалары мен немерелерінің өнеріне, ата-аналардың тағылымды тәрбиесіне мән беріп, бағалады. Ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүр мен мәдениетті қаншалықты деңгейде білгенін де назар аударды.

Комиссия шешімімен 5 отбасы іріктелді. Оның ішінде Ресалиевтер мен Қожабековтер отбасы облыстық кезеңге жолдама алды. Жүлделі бірінші орынды иемденіп, облыстық кезеңге жолдама алған Ресалиевтер көпшілікке жақсы таныс. Отанасы Үмітхан Махамбаева – «Алтын алқа» иегері. 13 құрсақ көтеріп, «Батыр ана» атанған. Қазір оның 9-ы бір-бір шаңырақтың иесі. Отбасы Мақсұт Ресалиев еңбек өмір бойы шойынжолда еңбек етіп,

саланың дамуына елеулі үлес қосқан жан еді. Берекесі мен бірлігі жарасқан, татулығы мен ауызбіршілігі арқан шаңырақтың ұл-қыздары жоғары білімді, бір-бір саланың білікті маманы. Ұлдары кәсіпкерлік саласын жандандырып, отбасылық бизнесті дамытуда. Қыздары дәрігер, ұстаздық жолын тандаған. Үмітхан анамыз әлі күнге дейін кілем тоқып, кесте тігеді. Бүгінде ақ жаулықты ана – 28 немере мен 15 шөберенің қызығына кенелген бақытты жан. Өнегелі отбасының жарасымды тіршілігі көпке үлгі тұтарлық.

Ал, екінші орынды иеленген Қожабековтер отбасы қалаға қарасты Қызылжарма ауылында тұрады. Отбасы Рүстембек Қожабеков – өнер адамы. Сырдария аудандық әуез мектебін, Жезқазған мәдени-ағарту училищесін бітірген. Алғашқы еңбек жолын Сырдария аудандық мәдениет бөлімінде жылжымалы клуб меңгерушісі болып бастаған. Бүгінде Қызылжарма ауылдық мәдениет үйінің директоры. Ал, отанасы Қуаныш Мырзабаева – ансамбльдің көркемдік жетекшісі. Олар 7 процентті өмірге әкеліп, тәрбиелеп отыр. 2012 жылы Қожабековтер халықтық отбасылық ансамблі құрды. Құрамында 10 адам бар. Ансамбльдің бүгінде жеткен жетістігі аз емес. Дәстүрлі өнерді дәріштеп, ұлттық музыканы ұлықтап келеді.

Отбасы – қай заманда болсын, мықты мемлекеттің негізі. Еліміздегі үлгілерді анықтау мақсатында ұйымдастырылған ұлттық байқаудың облыстық кезеңі жетімпазы республикалық сайысқа жолдама алатын бойлады.

Бауыржан ҚАРСАҚБАЕВ,
Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің облыс бойынша департамент басшысы

Өнімді таңбалауға қойылатын талаптар

Азық-түлік немесе тауар сатып алу кезінде сіз заттанбаңыз ұсақ түрін жиі оқысыз ба? Орауышта не жазылғанын дұрыс түсінесіз бе? Біздің көпшілігіміз шағын басым шығарылған жапсырманы мұқият оқымаймыз. Жарнамаланған фирмалардың, брендтердің тауарлары мен өнімдерін таңдаймыз. Белгісіз, түсініксіз сауда белгілеріне назар аудармаймыз. Сонымен, өнімнің таңбасында қандай ақпарат болуы керек?

Таңбалау – бұл орауышқа (немесе кейбір жағдайларда тікелей өнімге) қолданылатын белгілеу, мотін немесе сурет. Таңбалау сатып алушыға тауар туралы негізгі ақпаратты беру және оны басқалармен ажырату үшін қызмет етеді. Таңбалау бірқатар функцияларды орындайды. Мысалы:

Ақпараттық – бұл тұтынушыларға және бақылаушы органдарға заңдармен реттелетін өнім туралы ақпарат беру. Сәйкестендіру – сапа стандарттарының заңына сәйкестігі туралы, осы өнімді сапалы және қауіпсіз ретінде анықтайтын ақпараттар туралы есеп беруді білдіреді. Эмоционалды – бұл сатып алушының психологиялық және эмоционалды жағына олардың сатып алу үшін, олардың эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында таңбалау функциясын орындайды. Мамыр айында Сауда және интеграция министрі Б.Сұлтановтың «Өнімнің таңбалауына қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы»

бұйрығы шықты. Ол шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Өнімдерге арналған техникалық регламенттер таңбалауына қойылатын талаптарды қамтиды. Әрбір тауар тұтынушыға арналған ақпаратпен бірге жүруі керек.

Дайындаушы мен өнім беруші айналымы шығару кезінде құрамы, қасиеті, мақсаты, дайындаушы және өнім беруші, сақтау шарттары, тасымалдау, пайдалану, көдеге жарату, дайындау және қолдану тәсілдері, дайындау күні, энергия тұтынуына (энергия тұтынатын жабдықтар үшін), шығу тегі, жарамдылық мерзімі, салмағы, көлемі, санына қатысты тұтынушыларды алдамайтын, жаңылыстырмайтын толық, қажетті, сөзсіз түсінікті және нақты ақпарат береді. Сондай-ақ өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін тікелей немесе жанама сипаттайтын, оларды дұрыс таңдау мүмкіндігін басқа да мәліметтермен қамтамасыз етеді.

Тұтынушыға арналған ақпарат орауышта, затбелгіде, заттанбада, құжаттарда, жалдынамаларда мотінмен, шартты белгілермен және суреттермен бірге заңнамаға сәйкес таңбалауға қойылатын талаптар ескеріле отырып берілуі тиіс. Таңбалаудағы мотінді қазақ және орыс тілдерінде болады. Техникалық реттеу саласындағы заңнама өндірушіге өнім туралы толық мәліметті қаптамаға жазуды немесе қосымша парақта көрсетуді міндеттейді.

Солардың ішіндегі негізгілері:

- техникалық регламенттің немесе стандарттың атауы, сәйкестік белгісі;
- тауарлардың тұтынушыларға қажетті сапалық белгілері, өнімнің әзірленген немесе оралған күні мен орны туралы мәлімет;
- кепілдік мерзімі (болған жағдайда);
- қолдану ерекшелігі;
- тауарлардың қызмет ету мерзімі немесе жарамдық мерзімі;
- мекен-жайы, өндірушінің атауы;
- тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) тұтынушының өмірі, денсаулығы, қоршаған орта және басқалары үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ететін талаптарға сәйкестігін міндетті рәсімдеу туралы ақпарат.
- өнімнің атауында;
- басқа ұқсас өнімнің атауын көрсетуге;
- шығу тегіне (табиғатына) қатысты тұтынушыларды жаңылыстыратын атау беруге жол берілмейді.

Дайындаушының, буып-түюшінің, өнім берушінің, өнім сапасы бойынша шағымдарды қабылдайтын ұйымның және лицензияның (егер өнім лицензия бойынша дайындалса), заңды мекенжайы, елді, қаланың (облыстың және елді мекеннің), көшенің атауы, үйдің және кеңсіннің нөмірін қамтуы тиіс. Көрсетілген тұлғалардың байланыс құралдары: телефон, факс, электрондық пошта, интернет-ресурсы қосымша көрсетілуі мүмкін берілуі ықтимал.

Шетелдік өндірушінің және өндіруші мен импортер уәкілеттік берген адамның заңды мекен-жайы латын әріптерімен халықаралық форматта.

Егер бір елде дайындалған өнім оның қасиеттерін өзгертетін және түпкі дайын өнімге айналдыратын басқа елде кейіннен технологиялық өңдеуден немесе құрастырудан өтсе, онда тұтынушыға арналған ақпаратта технологиялық өңдеуді немесе құрастыруды жүргізген ел осы өнімді дайындаушы ел ретінде қарастырылады. Өнімнің таза салмағы, жалпы салмағы, негізгі өлшемдері мен көлемі орауышта шамалардың метрикалық жүйесімен (Халықаралық бірліктер жүйесімен) көрсетіледі.

Жарамдылық мерзімін өнімді дайындаушы сақтау шарттарын көрсетіп және нормативтік құқықтық актілер мен стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда көзделген талаптарды ескере отырып белгілейді.

Дайындаушы белгілеген жарамдылық мерзімі, белгіленген шарттар сақталған жағдайда, тұтынушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі талаптарына кепілдік береді. Өніммен байланысқа түсетін, тұтынушыларға арналған ақпаратты түсіру құралдары қауіпсіздік пен сапаға әсер етпейтіні тиіс. Сақтау, тасымалдау және өткізу кезінде таңбалау тұрақтылығын қамтамасыз етуі керек. Таңбалау



Уақыт шіркінде өлшем жоқ. Аққан жұлдыздай зымыраған, зулаған өмір. «Өткен уақыт үнісі мүлділі, келер уақыт баяу жылжиды, ал бүгінгі күн құйындай ұйытқиды» деген қанатты сөз рас екен.

ЖҮРЕКТІҢ ТӨРІНДЕГІ АСЫЛ БЕЙНЕ

«Жас қартаймақ, жоқ тумак, туған өлмек, Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек, басқан із, көрген қызық артта қалар, бір Құдайдан басқаның бәрі өзгермек» деп хакім Абай айтқандай, өзекті жаңға өлімнің де хак екенін біліп, өз-өзімізді жұбатқымыз-ақ келеді.



Қазақ Мемлекеттік университетінің Заң факультетіне оқуға түседі. Студент Сәуленің алғашқы, не нәрсеңіз болса да байыбына барып, бабын келтіре орындайтын ұқыптылық қасиеттері жоғары оқу орнын үздік аяқтауына септігін тигізеді. Көп кешікпей жас маман өзімен бірге оқыған қызылордалық Тұрсыматов Мейрамбек деген азаматпен көңіл жарастырып, отау құрады.

Сыр өңіріне келін болып түскен Сәуле сексеуілдің шоғындай жайнап, түрлі мекемелерде заң бөлімдерін басқарып, біліктілігімен, білімімен көзге түседі. Бірнеше мәрте үздік мамандардың байқауына да қатысып, кандидатурасы Жоғарғы Сотқа жауапты қызметке де ұсынылады.

анасының жолын қуып, Қазақ Мемлекеттік университетінің Заң факультетін бітірді. Қазіргі таңда Қызылорда қалалық прокуратурасында прокурордың орынбасары қызметін абыроймен атқаруда.

Айналасындағылар төрт құбыласы тең Тұрсыматовтар әулетін зиялы, тәрбиелі отбасы деп қадір тұтады. «Еңбек бәрін де жеңбек». «Адамды адам еткен – еңбек». Бұл әулеттің ұстанған өмірлік қағидасы да осы болатын.

Мегіл бұршақ жанына салып таңба, Қайратыңнан қалысып, нәліп қалма, Сені іздейтін аға бар тарыққанда, Інілер бар дем берер жабыққанға.

Ерлан ҚУАНЫШБЕКҰЛЫ Алматы қаласы

Хабарламалар

«ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-31-02).

«ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (21-01-03).

Жандарыңыз болсын жәннатта



Жан жылуан сезіндіріп, бар тәрбиесін аямаған асыл қазыналарымыз өміріміздің бағдаршамы ретінде бізді нәрлендіріп, қанаттандырды.

Әкеміз Жәксылық Аяпбергенов Кармакшы ауданының Көктебе ауылында 1936 жылы дүниеге келген. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін бітіріп, Қызылорда облыстық сотында еңбек жолын бастаған.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjannama@mail.ru

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаментінің ұжымы мен Ардагерлер кеңесі департамент бастығы Баймағамбетов Максұт Кәкімұлына анасы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаментінің ұжымы мен Ардагерлер кеңесі департамент бастығы Баймағамбетов Максұт Кәкімұлына анасы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаментінің ұжымы мен Ардагерлер кеңесі департамент бастығы Баймағамбетов Максұт Кәкімұлына анасы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаментінің ұжымы мен Ардагерлер кеңесі департамент бастығы Баймағамбетов Максұт Кәкімұлына анасы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаментінің ұжымы мен Ардагерлер кеңесі департамент бастығы Баймағамбетов Максұт Кәкімұлына анасы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаментінің ұжымы мен Ардагерлер кеңесі департамент бастығы Баймағамбетов Максұт Кәкімұлына анасы

КӨШБАСШЫ БОЛУҒА ТАНЫМАЛДЫЛЫҚ ҚАЖЕТ ПЕ?

Әр ортаның қимылы ширақ, белсенді адамы болады. Өзгелерден ойы мен ұстанымы дараланып тұратын тұлғаны көшбасшы дейміз. Олар жеке өмірінде де, қызметте де алдыңғы қатардан көрінеді.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мен облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы аналар кеңесінің ұйымдастыруымен «Көшбасшылық: Отбасы. Мансап» тақырыбында өткен кездесуде өңір белсенділері жастармен ой саларлық әңгіме өрбтті.

«Көшбасшы болу үшін мінез, харизма немесе танымалдылық қажет пе? Бірінші болуды қалау, басқалардан оқ бойы озық тұру, алға қойған максатына жетпей қоймау адам табиғатында бар нәрсе.

Ал «Қазпошта» АҚ Қызылорда филиалының директоры, көпбалалы ана Аида Әбибуллаева басшылық қызмет пен отбасын қатар алып жүрудің сырын әңгімеледі.

Бала кезімнен тынымсыз, оқуға құмар, белсенді болдым. Әйелдің өмірге келгендегі миссиясы ұрпақ өкеліп, оған жақсы тәрбие беру екенін ешқашан ұмытқан емеспін. Қызмет пен отбасын қатар алып жүруде маған әрдайым азаматым қолдау білдірді.

Кездесуде облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы, көп балалы ана Мира Қазбекова бала кезден тым талапшыл екенін айтты. Қарапайым отбасында тәрбиеленген ол мектеп қабырғасынан түлеп ұшқаннан кейін, жоғары оқу орнына түсуді мақсат етеді.

Мемлекеттік қызмет саласында жүргенде биыл 16 жыл болыпты. Кейде күн-түн демей жұмыс істеуге тура келеді. Сондайда ең бірінші үйдегі жақындарымың көмегіне жүгінемін.

Жас кезінен өзінің іскерлігімен көзге түскендердің бірі Жандос Тұсмағамбетов те кездесу қонағы болды. Бүгінде үш баланың әкесі ретінде көпке үлгілі өмір жолын баяндап, ойларын ортаға салды.

Бақұл бол, аяулы әріптес



Осы жылдың 28 маусымында облысымыздың мейірбикелер ассоциациясының президенті, жоғары білікті мейіргер, аяулы әріптесіміз Әуезова Эльмира Үсенбекқызы фонден озды.

Бақұл бол, аяулы әріптес. Сіздің жарқын бейінеңіз біздің жүрегімізде ұзақ сақталады.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы, облыстық денсаулық сақтау басқармасына қарасты емдеу мекемелерінің орта буын медицина қызметкерлері

